**Тақырыбы:** Мектепке дейін тәрбиелеу мекемелерінде психологиялық түзету және дамыту жұмысын ұйымдастыру

**Дайындаған:** Даулетова А.Н, Бисенова А.Т
**Тексерген:** Ербулатова А.К

**Жоспар:**

1. Психологиялық түзету(психокоррекция) және дамыту
2. Жетілдіру және психологиялық түзету жұмыстары
3. Мектеп жасына дейінгі білім беру мекемелерінде логопедиялық жұмысты жоспарлау

**Глоссарий:**

**Психотүзету (психокоррекция) және дамыту**- түзету, өңдеу мақсатында нормадағы балаларды қарастырады, ауытқуы бар балаларды түзету іс – шараларын қарастырады.

**Психология**– бұл психикалық құбылыстардың пайда болуын, даму заңдылықтарын зерттейтін ғылым.

**Тұлға -**адамның қоғамдық мінез-құлық және сана формаларынигеру нәтижесінде қалыптасатын адамның әлеуметтік –психологиялық мәні.

**Психикалық процестер**– сыртқы дүние заттары мен құбылыстарының мидағы түрлі бейнелері.

**Психологиялық қызмет –**әртүрлі іс-әрекет түрлерінде психологиялық экспертиза , диагностика , кеңес беруде кешенді міндеттерді шешуде психологияны қолданудың практикалық жүйесі.

**Психологиялық көмек-**адамға, топқа, ұйымға психологиялық көмек көрсетуде адамдардың әлеуметтік-психологиялық компетенттілігін арттыруға бағдарланған психологияны практикалық қолданудың саласы.

**Психотүзету (психокоррекция) және дамыту-** түзету, өңдеу мақсатында нормадағы балаларды қарастырады, ауытқуы бар балаларды түзету іс – шараларын қарастырады.

Психологиялық түзетудің мақсаты:

- балаларды жеке тұлғалық дамуындағы психологиялық ауытқуларынан арылту
- түрлі жағымды іскерлік пен дағдыларды қалыптастыру жалпы оқу дағдысымен біліктілікті дамыту

# Жетілдіру және психологиялық түзету жұмыстары:

Бұл бағыт баланың жеке тұлғалық және даралық қалыптасу процесіне психологтың белсенді әсер етуін білдіреді. Оның міндеті әр баланың жас ерекшелік нормативтерінің сәйкестігін қамтамасыз ететін, балаларды жеке оқытып, тәрбиелеуде, олардың қабілетін, бейімділігін дамытуда педагогикалық ұжымға көмек беретін психологиялық қызмет бағыты болып табылады. Бұл бағытта балалардың мінез-құлқындағы және оқуындағы өзгерістер мен бұзылуларды, дамуындағы ауытқуларды түзету жұмыстары ерекше орын алады.

## Психодиагностика барысында баланың жас ерекшелігі бойынша психологиялық зерттеу жұмыстарының жоспарлары:

1.Баланың әр жас ерекшелік кезеңінің дамуын есепке алғанда, психикалық дамудың бөлек жақтарын және жеке тұлғаның толықтай дамуына бағытталған бағдарламаларды өңдеп жүзеге асырады.

2.Психолог баланың психикалық дамуында ауытқуларды болдырмау бағытында түзету бағдарламасын өңдеп жүзеге асырады.

3.Жетілдіру және психологиялық түзету жұмыстарының бағ-дарламасына психологиялық және педагогикалық бөлімдер кірістіріледі. Психолог психологиялық бөлімді жоспарлап, жүзеге асырады. Педа-гогикалық бөлімді мұғалімдермен, тәрбиешілермен, ата-аналармен бірігіп өңдейді және оны психолог көмегімен жоғарыда аталған адамдар орындайды. Жұмыстың бөлек формаларына ересек балаларды, қоғамдық өкілді және т.б. адамдарды кірістіруге болады.

4.Жетілдіру және психологиялық түзету жұмыстарын төмендегі бағыттар бойынша өткізуге болады:

- жеке балалармен арнайы жұмыс жүргізу процесінде;
- балалар тобымен арнайы жұмыс жүргізу процесінде;
- тәрбиелік іс-шаралар бағытында;
- баланың ата-анасының және басқа туыстарының қатысуын қажет ететін формада өткізуге болады.

Дамыту және психокоррекциялық бағдарламалар екі бөлікті қамтиды:

**психологиялық**

психолог арқылы жүзеге асырылады, әрі жоспарланады

**педагогикалық**

ұстаздармен, ата-аналармен психолог біріге отырып жүзеге асырады

# Психокоррекциялық және дамытушылық жұмыстар:

1.
- Баланың психикалық дамуындағы кемшіліктерді жоюға бағытталған коррекциялық бағдарламаны жасау және жүзеге асыру

2.
- Дамыту және психокоррекциялық бағдарлама психологиялық және педагогикалық бөлімдерден тұрады: а) жеке баламен арнайы жұмыс; ә) топ баламен жұмыс.

3.
- Бала психикасының және жеке басының дамуына бағыттлаған бағдарлама жасау.

Мектеп жасына дейінгі сөйлеу тілінде кемістігі бар балаларды түзету мен тәрбиелеу, арнайы балабақша тобының құрамдас бөлігі болып табылады. **Логопедиялық түзету** – педагогикалық іс –шара балалардың тіліндегі кемістікті түзетуге, тіл кемістіктерінің алдын алуға, мектепке дайындыққа (марапатқа тарарлық жоғары білімге, дисграфияның алдын алуға, баланың жан –жақты дамуына, тұлға ретінде қалыптасуына бағытталған.

Алдыға қойылған мақсатқа қол жеткізу барысында оқыту, тәрбиелеу, түзету мен дамыту жұмыстарын логопед пен тәрбиешілер арнайы, жеке сабақтарда жүргізеді (фронтальды топпен сабақ).

Арнайы логопедиялық жұмысты жоспарлаудың кезеңдері:

- Топты құру мен топтастыру;
- жеке сабақ пен фронтальды сабақты ұйымдастырудың қолайлы жоспарын құру
- бақылау, аралық бақылау мен қорытынды бақылауды қамтамасыз ету.
- балаларды комплексті тексерістен өткізу
- сабақ беру жоспарларының жүзеге асуы негізгі кезеңде
- қорытынды анализ (түзете оқытуды қорытындылап, балаларға мінездеме жасау)